

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Нүркен ауылы
«Н.Әбдіров атындағы жалпы білім беретін орта мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Кім болу керек? Қандай болу керек» конкурсы

«Мен өскенде кім болғым келеді?» номинациясы

Совет Дәулет, 8 жас

1 сынып оқушысы, «Н.Әбдіров атындағы ЖББОМ» КММ-сі

a_tursynai@mail.ru

Кенжина Ардақ Мажитовна

«Н.Әбдіров атындағы ЖББОМ» КММ-сінің бірінші санатты бастауыш
сынып мұғалімі

Мен өскенде кім болам?

Мен ауылда туып, өсіп келемін. Жасымнан әкемнің жанында жүріп ауылда атқарылатын жұмыстарды біліп, үйреніп жүрмін.

Ауылда мал ұстап, күтіп, баптайды. Төлін өсіріп, бағып көбейтеді. Жақсылап жайып семіртеді. Етін, майын сатады, терісі мен жүнін өткізеді. Түскен ақшасына тұрмысқа қажетті заттар мен шаруаны жүргізетін техника, аспаптар сатып алады. Мен де ауылда тұрып, ауылшаруашылық маманы боламын.

Малды асылдандырып, мол пайда табамын.

Біздің ата-бабаларымыз жылқы өсірген. Менде сол дәстүрді жалғастырып, бәйге ат баптап, қымыз өндірсем деймін. Ат спорты бәйге, көкпарды дамытып, ауылдастардың атын жарысқа шығаруға қатысамын. Жылқы – ер қанаты, халық байлығы. Еті мен қымызы ауруға ем.

Қарттар мен балаларға көмек беремін, ауылға демеушілік жасаймын. Әр азамат білімді, әрі денсаулығы мықты, ұлттық салтты сақтауы керек.

Мен өскенде өз кәсібінің маманы, абыройлы азамат боламын.